

## БӨЛІМ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ

**ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.03.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/25591/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ракадылова Маржан**

Заман талабына сай қазіргі кезде шет тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру отандық педагогикадағы іргелі міндеттерің біріне айналып отыр. Өйткені, елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Н.ӘНазарбаевтың бастамасымен «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән берілуде[1,197]. Халықаралық қатынастар мен бизнес, туризм, әлемдік экономика мен саясат, білім және ғылым саласы мен озық технология, құқық пен мәдениет салаларының халықаралық аренадағы негізгі қолданыс тлі ағылшын тілі болып отыр.

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды.

Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі

түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Ағылшын тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі: оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс- әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі [2,42]. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Оқыту технологиясы дегеніміз — оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім бірліктілігін білуі тиіс. Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет және ағылшын тілін үйретуде қалай ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің барлығы өзара байланыста, араласа қолданылады. Ақпараттық жүйемен оқытуда түсіндіру әдісі кино, диафильмдер көрсету арқылы жүзеге асады. Мәтін, елтануға байланысты, мақал-мәтелдер т.б. түсіндіру осы әдіс арқылы жүзеге асады. «Мәтінді тыңдап қайтадан оқып шығу», «Диалогты тыңдап, қайтадан кейіпкерлердің соңынан қайталап отыру» сияқты тапсырмалар компьютер арқылы меңгеріледі.

Оқу материалын толықтыру, қорытындылау, қайталау, ал ең бастысы оның практикалық қолдану дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруда бұл ең тиімді әдістердің қатарына жатқызылады.

Қазіргі кезде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударуда. Ағылшын тілін оқытудың жаңа технологиясы тілдің коммуниктивтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Қатынастық әдіс XIX ғ. 60-70 жылдарында ағылшын тілі халықаралық қатынастық тіл статусын алған кезде Британияда пайда болды [2,200].

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда, болып, олар білім мазмұнының толығымен түбегейлі жаңаруына себепші болуда.

Оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай әдістердің бірі коммуникативтік оқыту технологиясы. Осы мәселе жөнінде, яғни ағылшын тілін оқытудағы коммуникативті біліктілік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: коммуникация тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді. Оқушылардың сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуниктивтік біліктілік деп аталады [3,73].

Шетел тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы ол сөйлеуге үйрету барасында подкаст бағдарламасын қолдану.

Подкаст радиоқойылымға ұқсас интернетте орналастырылған, цифрланған бағдарлама. Сіз подкасттарды оларды жасаған адамдардың web-сайттарынан тікелей тыңдай аласыз. Бірақ сізге iPodder және iTunes сияқты байланыс жүйесін пайдалана отырып, подкасттарға «жазылуға» болады. Бұл бағдарламалар соңғы шоуларды автоматы түрде жүктейді және оларды өз компьютеріңізден немесе mp3 плеермен тыңдай аласыз. Подкастқа жазылу үшін сізде RSS таспа (бұл ақпарат подкасттың web-сайтында болуға тиіс) болу керек. iTunes-те анықтама бар, тек «жазылу» («Subscribe») түймесін басып, жазыла аласыз [4,369].

Ағылшын тілін подкасттар арқылы үйрететін сайттардың бір талайы бар, ал соның ішінде оқушыларға ең тиімді сайттардың бірі ретінде мен екі сайтты қарастырдым: AudioEnglish және BBC Learning English .

Подкасты бастамас бұрын оны күрделілігі бойынша бөлу. Осындай сайттардың көмегімен тілді жаттықтыру үшін тамаша материалдар жинауға болады.

AudioEnglish сайттындағы подкасттар тұрмыста кездесетін тіркесті диалогтардан тұрады. Осы сайтқа авторлар ең өзекті мәселелер мен оңтайлы лексикаларды таңдады: аудиоматериалдар формальды және қазіргі заманғы стильдерді қамтиды. Ағылшын тілін жедел түрде үйренетін туристерге арналған бағдаламалар тізімі де бар. Бірінші бөлімде диалог толықтай қамтылған. Қосымша А. Ал екінші мен үшінші бөлімдерде берілге аудиоматериалға байланысты оқушылардың материалды қаншалықты меңгергеніңізді тексеретін жаттығулар тізімі бар. Подкаст ұзақтығы 10-15 минут Elementary «және» Pre-Intermediate деңгейі бойынша. Сайтта материалдар қарапайым лексикамен берілген, бірақ өте жылдам қарқынмен сөйлеуді қолдайды. Кез

келген подкасты және транскрипт (текст) жүктеуі тегін. Әрбір аудио жазбаға қоса тест және бірнеше тапсырмалар берілген. Олардың көмегімен сіз өзіңізді қаншалықты жақсы түсінгеніңізді тексере аласыз.

Ағылшын тыңдалымын BBC Learning English Broadcast: бөлімінен бастап тыңдауымыз керек. Подкаст ұзындығы 6-30 минут, деңгейдегі Pre-Intermediate және Intermediate деңгейі бойынша. Қосымша Г. Бұл- ресурста аудио жазба лексикаға қарағанда күрделілеу, бірақ диктордың сөйлеу жылдамдығы баяулау. Егер оқушының сөздік қоры жақсы болса, басқа бөлімдерде аудио видео мәтіндерден бастауға болады. Бұл подкасттарда диктор неғұрлым күрделі лексиканы пайдаланады, табиғи ырғақпен сөйлейді. Бұл сайтта сіз өзіңізге керекті материалдарды таба аласыз. Осы ресурстың негізгі ерекшелігі ол, әр аудио материалдан кейін мәтіннің әр сөзіне жеке-жеке транскрипциясының болуы. Егерде сөздің аудармасын білмеген жағдайда, үстіне курсормен басып қалған мезетте аударма Merriam-Webster сөздігінен дифинициялық ақпарат алуға болады. Қосымша Д. Осылайша, осы сайтта сіз жай ғана подкасттарды тыңдап қана қоймай, сонымен қатар контекстегі жаңа лексиканы үйрену мүмкіндігіңіз бар.

Подкаст жасаудың оқушылар үшін бірнеше пайдасы бар:

— Өз жұмысын көрсету үшін оларға мыңдаған адамнан тұратын әлеуетті аудиторияны құрады.

— Сауаттылық дағдыларын дамытуға көмектеседі (сценарийлер, сұхбат жазу және т.б.) әрі балаға сөйлеу машықтарын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді,

сонымен қатар олар ақпараттық компьютерлік технологияны қолдану жөнінде белгілі бір дағдыларды үйренеді.

— Подкасттар интерактивті болуы мүмкін және аудитория өз пікірлерін білдіре алады, бұл балаларға олардың жұмысы туралы бағалы кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Подкаст құру командамен жұмыс істеу машықтарын дамытуға да үлкен пайдасын тигізеді. Тамаша бағдарлама жасауға ұмтылғандықтан, балалар бір-бірімен ынтымақтасуға тырысады.

Осы бағдарламалардың ең маңыздысы, оларды өзіңізге ыңғайлы жерде қолдана аласыз! Ол үшін сізге тек смартфон, планшет немесе mp3 керек. Жаттығу үшін ешқандай ауыр оқулық, қалам, дәмтердің көмегі керек емес. Бар болғаны mp3 мен оқуға деген ниетіңіздің болғаны.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің

алдымыздағы басты міндетіміз. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Титова С.В. Некоторые теоретические проблемы исследования компьютерных технологий в образовании. //Вестник МГУ. Сер.19. лингвистика и межкультурная коммуникация. -2005.-С.42-50

2. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению.

Москва.: Просвещение, 1985.-С.200

3. Карпова А.С «Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка».

Иностранные языки в школе.-2002. №4, — С.73.

4. Комарова Ю.А., Новые направления в методике преподавания иностранных языков -С.-Петербург, 1992 - С.241

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.